

**Орта мерзімді кезеңге (2010 - 2012 жылдарға) арналған концессияға беруге ұсынылатын объектілердің тізбесін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 29 желтоқсандағы № 2242 Қаулысы «Концессиялар туралы» Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі Заңының 16-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған орта мерзімді кезеңге (2010 - 2012 жылдарға) арналған концессияға беруге ұсынылатын объектілердің тізбесі бекітілсін.
2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

	<i>Қ а з а қ с т а н</i>	<i>Р е с п у б л и к а с ы н ы ң</i>
<i>Премьер-Министрі</i>	<i>К. Мәсімов</i>	<i>Р е с п у б л и к а с ы</i>
Қ а з а қ с т а н		Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң		
2 0 0 9	ж ы л ғ ы	2 9
№	2 2 4 2	ж е л т о қ с а н д а ғ ы
бекітілген	қ а у л ы с ы м е н	

**Орта мерзімді кезеңге (2010 - 2012 жылдарға) арналған концессияға беруге ұсынылатын объектілердің тізбесі**

**Ескерту. Тізбеге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.03.19 № 229, 2010.10.04 № 1020 (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулыларымен.**

Р / с №	Атауы	Конкурсты ұйымдастырушы
1	2	3
1 . Жақсартылуы және пайдаланылуы концессия шарты негізінде жүзеге асырылатын қолда бар мемлекеттік меншік объектілері		

1.	«Алматы - Өскемен» автомобиль жолының «Алматы - Қапшағай» учаскесін салу (қайта жаңарту) және пайдалану	ККМ
2.	«Өзбекстан Республикасының шекарасы (Ташкентке) -Қырғызстан Республикасының шекарасына кіреберістерімен Көкпек, Көктал, Благовещенка арқылы Шымкент - Тараз - Қорғас» автомобиль жолының «Алматы - Қорғас» учаскесін қайта жаңарту және пайдалану	ККМ
3.	«Ресей Федерациясының шекарасы (Екатеринбургке) - Қостанай, Астана, Қарағанды қалалары арқылы Алматы» автомобиль жолының «Астана - Қарағанды» 1142 - 1216 км учаскесін қайта жаңарту және пайдалану	ККМ
3-1.	«Ресей Федерациясының шекарасы (Екатеринбургке) - Қостанай Астана, Қарағанды қалалары арқылы Алматы» автомобиль жолының «Астана - Қарағанды» 1096-1142 км учаскесін қайта жаңарту және пайдалану	ККМ
3-2.	«Ресей Федерациясының шекарасы (Екатеринбургке) - Қостанай Астана, Қарағанды қалалары арқылы Алматы» автомобиль жолының «Астана - Қарағанды» 1038 - 1096 км учаскесін қайта жаңарту және пайдалану	ККМ
3-3.	«Ресей Федерациясының шекарасы (Екатеринбургке) - Қостанай Астана, Қарағанды қалалары арқылы Алматы» автомобиль жолының «Астана - Қарағанды» 997 - 1038 км учаскесін қайта жаңарту және пайдалану	ККМ
4.	Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2010.10.04 № 1020 (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.	
5.	«Өзбекстан Республикасының шекарасы (Ташкентке) - Шымкент - Тараз - Алматы - Қырғызстан Республикасының шекарасына кіреберістермен бірге Көкпек, Көктал, Благовещенка арқылы Қорғасқа» автомобиль жолының «Ташкент - Шымкент» 674-806 км учаскесін қайта жаңарту	ККМ
5-1.	Зияткерлік-көліктік және төлем жүйесін енгізу (ЗКТЖ) және «Астана - Көкшетау қаласы арқылы Петропавл» автомобиль жолының «Астана - Щучье» учаскесін пайдалану	ККМ
<b>2. Салынуы және пайдаланылуы концессия шарттары негізінде жүзеге асырылатын объектілер</b>		
6.	«Үлкен Алматы айналма автомобиль жолы» (ҮАААЖ) автомобиль жолын салу және пайдалану	ККМ

**Ескертпе аббревиатураның толық жазылуы:**  
**ККМ - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі.**